

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII  
Международная научная конференция студентов и молодых  
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International  
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

## ҚАСИЕТТІ «ӨТҮКЕН» ЖЕРІ ТУРАЛЫ

Искакова Айсулу Жуманаліқызы

[jumanalievna@list.ru](mailto:jumanalievna@list.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті,  
«Түркітану» кафедрасының 2- курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Мырзатай Жолдасбеков

Өтүкен жері көптеген Орта Азия халықтары үшін қасиетті мекен саналады. Ертеден бері тарихшылар, түркологтар, этнографтар т.б. зерттеушілер Өтүкен жерінің орналасқан жері, тарихи маңызы және мағынасына қызығушылық танытып келеді. Бұл жердің этимологиясы, орналасуы жөнінде көптеген пікірлер бар. Бір зерттеушілер Өтүкен жерін моңғолдармен байланыстырса, бірі тува халқымен, бірі қырғыздармен байланыстырады. Бұл пікірлердің қайсысы дұрыс? Тувалардың Үдүген (Үдүген), қырғыздардың Өтөгөн, Орхон –Енисей мәтіндерінде кездесетін «Ötükän yïš» барлығы бір топоним бе, әлде өзгерістер бар ма? – деген сұрақтар бізді де қызықтырады.

Қасиетті жердің иесі болу қағанның күшін көрсетеді. Бұл туралы Күлтегін жазба ескерткішінде «Түрік қаған Өтүкен жынысында отырса, елде мұң жоқ» - дейді [1. 190б.]. Бұл оны саяси немесе әскери көшбасшы ретінде көрсетіп қоймай, тайпалар арасында қағанның тұлғасын мәдени көшбасшы бейнесіне айналдырады. Зерттеушілер Өтүкен жері бастапқыда хунн (ғұн) тайпаларының киелі аумағы болған деп санайды. Содан кейін Өтүкен Көк түріктер мен Түрік қағанатының саяси және идеологиялық орталығына айналды. Тарихи деректерге сүйенсек, Өтүкен қазіргі Моңғолия аумағында орналасқан жер. Түркітілдес хунну тайпаларының, түркілердің, ұйғырлардың бірнеше көшпелі тайпалардың бұрынғы саяси және қасиетті орталығы. Бұл деректер бізге Күлтегінге, Тоныкөкке, Білге қағанға арналған ескерткіштер мен қытай жазба деректері арқылы жетті. Күлтегін ескерткішінде «Өтүкен жынысында игі ие жоқ еді. Ел тұтпақ жер осы Өтүкен жынысы еді. Бұл жерде отырып табғач халқымен бірге қатар түздім. Өтүкен жерінде отырып, керуен жіберіп отырсаң, онда мұң жоқ. Өтүкен жынысында отырсаң, мәңгі ел тұтып отырар ең сен» - дейді [1.190б]. Осыған қарап Өтүкен топонимінде құндылық мағынасы бар. Өтүкен жерін халықтың берекелі құт мекені деп сипаттауға болады. Барлық түріктер сол жерді аңсайды, осы жер үшін соғысады. Өтүкен жері түркі танымында байлық, тыныштық, өркендеудің символы болды. VI ғасырда бірінші Түрік қағанатының саяси, идеологиялық және діни орталығы болды. «Вэй-шу» және «Суй-шу» әулеттерінің жазбаларында Тамир өзенінің жанында Көк Тәңіріне табыну рәсімдері өткізілгені жазылған [2. 4б.]. Тамир Өтүкеннің маңында орналасқан. Сондай –ақ, Қытай деректерінде түркі билеушілері «Ду-жин» (Dujinshan) тауына қоныс тепкенін және сол жерден елді басқарғанын жазған. Өтүкен мен Dujinshan тауларын сәйкестендіре зерттегендердің бірі В. Томсен болды [3. 223б.]. Қытайдың «Суй-шу», «Синь Тан-шу», «Цзю- Таншу» дерктері бойынша түркі билеушілері Nu-chin-shan- да болды деп көрсетіледі. Қытай жылнамаларында Өтүкен атауы Wu-te-chien-shan, Ch'i-tu-chün-shan, Yü-tu-chün-shan деген атаулармен де кездеседі [2. 5б.]. Түрік қағанатында қағандар мен олардың өкілдері әсери, әсери-ұйымдастырушылық және жаулап алған территорияларды бөлумен айналысқан. Қағандар халықтың бөлініп кетуінен, басқа жерге қоныс аударуынан қорықты, сондықтан оларды Өтүкенде қалуға шақырып отырған. Ол туралы ескерткіштерде «Мен қолды Көк өңірден жоғары Өтүкен жынысына бастадым. Сибір көлікті Тоғладан оғыздар келді. Әскері үш мың екен соғыстық. Тәңір қолды

аттандырдым. Түрік қағанын, түрік халқын Өтүкен жерге мен өзім «Білікті Түй-үкүк Өтүкен жеріне қоныстанды» дегенді естіп, түстіктегі халық, батыстағы, терістіктегі халықтар келді» - дейді. Түрік қағанаты үшін Өтүкен жерінің бірнеше әлеуметтік-саяси маңызы болды:

Орманды жер болғандықтан, өмір сүруге қолайлы болды;  
Қытайға жақын жерге орналасса, басып алады деп ойлады;  
Көшпелі халық болғандықтан, ауа райы да аз рөл ойнамады.

Алайда XI ғасырда бұл аймақтың маңыздылығы төмендеді. М. Қашқари бұл жерді «татар даласындағы орын атауы» деп қана қарастырды.

«Өтүкен» топонимі әртүрлі грамматикалық формаларда (Ötükän ~ Ötüken ~ Ötügen ~ Üdägän) болып қазіргі Тува, Моңғолия, Башқұр жерлерінде кездеседі. Башқұр зерттеушілері бұл атауды бұл атауды Утяган (Үтэгән) деген антропонимнан шықты деп санайды. Онамастика ғылымында атау бірінші адамның есімі болып, сосын ол атау сол адамның құрметіне жер атауы ретінде берілетін мысалдар көптеп кездеседі. Қырғыздардың «Манас» жырында Өтеген антропонимы кездеседі. Қазақ тілінде де әлі күнге дейін Өтеген деген адам есімі бар. Ал «Этимологического словаря тувинского языка» деген Б.И. Татаринцеваның еңбегінде « Өдүген тау жыныстары кездесетін, бұғы жайылып жүретін тау ішіндегі территория» - деп береді [4.360б]. Бұл топонимнің мағынасы жөнінде тува тілінде бірнеше көзқарастар бар: Біріншісі, «Өт үнген». Өт өтуші, шығушы мағынасы. Екіншісі, «от үнген» от өнуші, шығушы. Бұл этимология сол жерде вулкан орналасқанына байланысты болуы мүмкін. Өт және лава (от) екеуі де қатты заттардан жиналатын сұйықтықты білдіреді [2.176]. Өтүген жері киелі жер саналғанын бірнеше рет атап айттық. Көне түркілер Өтүкен маңайында Көк тәңіріне табыну діни рәсімдерін өткізген. Осының бір сарындары тува, башқұрт аңыздарында қалып қойса керек. Тувалықтардың аңызы бойынша, адамдар тілек тілеген кезде Үтэгән тауын «әке» деп атапты. Башқұрт аңызына сәйкес осы Өтүген тауынан секірген қыз «әке» деп айқайлапты. Аминева:бұл белгілі әкеге қаратылып айтылған сөз емес, осылайша таудың құдіретті күшіне сенген деп топшылайды [5. 26]. П.М. Милеоранский Өтүкен атауының шығу тегін ұйғыр мәтіндерімен байланыстырады. Ötü + қап деп алып, бірінші бөлігі өту дегенді білдіреді. Адамдар өтетін жер деп анықтама береді. В.Владимирцов « Өтүкен моңғолдың otugen <etugen сөзінен шыққан» деп санайды [6. 171]. Бұл пікірмен Л.П. Потопова. Құдайбергенов сияқты көптеген ғалымдар келіседі. Моңғолдарда Этуген-эхе (Жер-Ана) жер Құдайы. Бұл туралы деректер еуропа саяхатшылары Плано Карпини, Марко Поло еңбектерінде шамандық культтың белгісі ретінде айтылады. Аңыз бойынша, Этуген аспан Құдайымен жүр құрған. Этуген жердің барлық қасиеттерін бойына сіңіре бастайды. Содан соң ол көбейе бастайды. Этугеннің жетпіс жеті қабаты болды. Осы жұптан барлық нәрсе жаралды дейді. Демек, лингвистикалық жағынан отуген- етуген формалары бір-біріне сәйкес келеді. Географиялық жағынан да Өтүкен қазіргі кезде Моңғолияның территориясында орналасқан деген пікір нақтыланды. Орхон ескерткіштерінде бұл жердің неге қасиетті екені нақты берілмеген, алайда шығу негізін осы аңызбен байланыстырсақ, неге қасиетті екенін, неге түркі қағанаты кезінде Өтүкен маңында діни рәсімдер өткізгенін түсінуге болдады. Екеуі де діни наным-сенімнен шыққан. Кей деректерде Өтүкен түркілердің пайда болған жері. Өтүкен жерінде түркілердің үңгірі болған. Ашинамен байланысты түркілердің таралатын аңызы осы жерден шыққан дейді.

Өтүген жері қайда орналасқан деген сұраққа біршама зерттеушілер жауап іздеді. Ед. Шаванның анықтамасы бойынша «Өтүкен Тамир мен Орхон өзендері бастау алатын

Хангай тауларында орналасқан» [2.136]. В. Томсен «Хангай тауларында немесе Алтай тауларының оңтүстік шығыс жағасында орналасқан» [3.2236].. Л.П. Потапов Өтүген Енисей өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан деп көрсетеді. Бұл орман (жота) кей ескі карталарда «Хуку-Дайга». «Кхуку –Тайга» деп берген. Осы жерден өткен еш саяхатшы Өтүкен деп нақты атын жазбаған. Себебін этнограф « Бұл жер тувалықтар үшін киелі жер саналған, сондықтан бөтен адамдарға атын айтуға тыйым салынған. Жергілікті тувалықтар басқа адамдарға Улуг-Тайга деп атаған» - деп түсіндіреді [7. 1126]. 1957, 1959, 1961 жылдары моңғолияны зерттеген Дж. Шуберт Өтүкен 4031 м биіктікт орналасқан Хангай тауының биігіндегі жер деп көрсетті. Көптеген ғалымдардың пікірі Өтүкен Хангай тауын маңында орналасқан деген тұжырымға тоқталады. Тек бірі шығысында, бірі солтүстігінде деп топшылаған. Махмұт Қашқаридің зерттеуі бойынша, Өтүкен татар даласындағы аймақтың атауы. Қазіргі кезде Өтүкен жері моңғолияның территориясында орналасқан мекен. Түркілер көшпелі халық болған және олардың саны көрсетілген ақпараттан әлдеқайда көп болған. Деректерде бірінің ұйғыр, бірінің татар даласында ораналасты деп беруіне де себеп осы.

Қорытындылай келе, Өтүкен аймағы түрік қағанты үшін маңызды жерлердің бірі болған. Асан қайғының жерұйығын осы түркілердің Өтүкенімен салыстыра зерттеуге болады. Шығу тегі жағынан моңғолдың «етуген» сөзінен шыққан деген анықтамаға келісеміз. Тарихи деректерде әртүрлі көрсетілгенімен, қазіргі кезде Моңғолияның аумағында орналасқан мекен.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. -360б.
2. Каратаев О. Ещѐ раз о сакральной местности Ötüken: история вопроса и современная интерпретация // Народы и религии Евразии. 2021. Т. 26, №1. С. 37–62.
3. Thomsen V. Orhon Yazıtları Araştırmaları (Vedat Köken, Çev.). Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2002. 453 s.
4. Татаринцев Б.И. Этимологический словарь тувинского языка. Новосибирск : Наука, 2008. Т. IV. 442 с.
5. Аминев З.Г. Культ священной горы древних тюрков Otukan и ее следы у башкир // Проблемы этногенеза и этнической истории башкирского народа : материалы Всероссийской научно-практической конференции, посвященной 70-летию С.Н. Шитовой. Уфа, 22 декабря 2006 г. Уфа : Гилем, 2006. С. 26–29.
6. Б. Я. Владимирцов Географические имена орхонских надписей, сохранившиеся в монгольском. Доклады Академии Наук СССР ,1929 г.
7. Потапов Л.П. Новые данные о древнетюркском Otukan // Советское востоковедение. 1957а. №1. С. 106–117.

УДК: 002:651.

#### **ВОСТОЧНАЯ МЕТОДИКА ШЕЙХА МУХАММАДА САДИКА МУХАММАДА ЮСУФА РАННЕГО РАЗВИТИЯ ДЕТЕЙ**

**Йигиталиева Мохинур Шерали кизи**